

Оңтүстік Қазақстан Өзбекстан Республикасынан берілген табиғи газ үшін өзара есеп айырысулар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 шілде N 1024

Алматы қаласына, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына Өзбекстан Республикасынан берілген табиғи газ үшін берешектерді өтеу мақсатында Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен Үкіметаралық комиссияның 3-ші мәжілісінің шешімдерін (1999 жылғы 23 мамырдағы хаттама мен оған 1999 жылғы 11 маусымдағы толықтыру 1 тарау , 1-тармақ, II тарау) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі " Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - " Қазақстан темір жолы" РМК), "Узтрансгаз" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - " Өзтрансгаз" АҚ) және "Узбекистон темир йуллари" мемлекеттік акционерлік темір жол компаниясының (бұдан әрі - "Узбекистон темир йуллари" МАТК) арасында " Жамбылгаз" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Жамбылгаз" АҚ) мен "Оңтүстікгаз" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Оңтүстіктаз" ААҚ) "Узтрансгаз" АҚ алдындағы 5 млн. АҚШ долларына баламды сомада берілген табиғи газ үшін берешектері жөніндегі құқықтарды (талап етулерді) беру және "Узбекистон темир йоллари" МАТК-ның көрсетілген темір жол қызметтері үшін берешектерін көрсетілген сомаға өтеу туралы үш жақты шарт жасалуын қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласының әкімі "Алматықалалықгаз" жабық акционерлік қоғамының " Қазақстан-трактор" ашық акционерлік қоғамымен 3 млн. АҚШ долларына баламды сомада Алматы қаласына берілген табиғи газ үшін "Узтарнсгаз" АҚ алдындағы берешегін Өзбекстан Республикасына аталған сомаға ДТ-75 маркалы тракторлар берудің есебіне өтеу жөнінде шарт жасасуын және өзара есеп айырысуды жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1999 жылдың шілдесінде "Қазақстан темір жолы" РМК-мен есеп айырысу үшін төлем күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі теңгенің ресми бағамы бойынша 1999 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен Жамбыл облысының жергілікті бюджетіне 2244 мың АҚШ долларына баламды мөлшерде және Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті бюджетіне 2756 мың АҚШ долларына баламды мөлшерде субвенциялар бөлсін; үстіміздегі жылдың аяғына дейін заңдарға сәйкес Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының бюджеттеріне субвенциялар болу жөнінде түпкілікті есеп жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Қазақстан темір жолы" РМК-нің Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінен осы қаулының 3-тармағында көрсетілген сомалардың түсуіне қарай қосылған құнға салық жөніндегі берешектердің толық және уақытылы жабылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері осы қаулының 3-тармағында көрсетілген сомада "Қазақстан темір жолы" РМК-ның алдындағы борыштарды өтеуді және облыстық бюджеттерге "Жамбылгаз" АҚ мен "Оңтүстікгаз" ААҚ-дан пайдаланылған бюджеттік қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Алматы қаласының, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп өзара есеп айырысуларды жүргізуді және өзбек жағымен Оңтүстік Қазақстанға берілген табиғи газ үшін

берешектердің өтелгендігі туралы актіге қол қоюды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ауыл шаруашылығы министрі Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.